"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 KSN0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

19.05.2021-ғы № 03-18/2496 шығыс хаты

**«Нұр Строй Com» ЖШС-не**

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 28.04.2021 жылғы №101372 санды өтініштеріңізге сәйкес, «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5558981-2 «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар а.о., Тоқсансай ауылын газбен қамтамасыз ету құрылысы», (бұдан әрі - Конкурс) мемлекеттік сатып алуға зерделеу жұмыстары жүргізілді. Зерделеу жұмыстарының қорытындысы бойынша келесіні мәлімдейміз.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына *(бұдан әрі – Қағида)* сәйкес, конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды үшінші бағыт бойынша камералдық бақылау жүргізу, камералдық бақылау тәуекелдердің төрт бейіні бойынша жүргізіледі, атап айтқанда:

- №8-бейін – Алдын ала рұқсат беру хаттамасында конкурстық (аукциондық) өтінімдерді қайтарудың нақты себептерін көрсетпеу;
- № 5-бейін – Әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұза отырып, оның қабылданбауына әкеп соқтырған шешім қабылдау;
- № 6-бейін – Әлеуетті өнім берушіге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып рұқсат беру туралы шешім қабылдау;
- № 16-бейін – Әлеуетті өнім берушілерге өз өтінімдерін сәйкестендіруге құқық бермейтін негіздер бойынша олардың өтінімдерін заңсыз қайтару.

Қағиданың 19 тармағына сәйкес, камералдық бақылау жүргізу кезінде осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес тиісті бағыт бойынша камералдық бақылау жүргізу кезеңінде шағым берген тұлғаның дәлелдері ескеріледі.

Камералдық бақылау жүргізу кезінде алдыңғы бағыттар бойынша шағымның дәлелдері қаралмайды.

Камералдық бақылау жүргізу қағидаларына 3-қосымшасына сәйкес, конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды үшінші бағыт бойынша сомасы үш жүз миллион теңгеден асатын конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу және (немесе) тиісті конкурсқа (аукционға) қатысуға

19.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

өтінім берген әлеуетті өнім берушілердің шағымдары келіп түскен конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіледі.

Алайда, тиісті конкурсқа (аукционға) қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілердің шағымдары келіп түскен конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға үшінші бағыт бойынша камералдық бақылау жүргізу мемлекеттік сатып алу веб-порталында көзделмеген.

Сонымен қатар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылдың 4 желтоқсанындағы № 434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабының 1-тармағы 4)-тармақшасының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Сонымен қатар, Заңның 22 бабының 1 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыға жіберілуі мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде, конкурстық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Заңның 47 бабның 1 тармағына сәйкес, егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына осы Заңның 22-бабында айқындалған тәртіппен ескертулер берілмеген конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына, оның ішінде оларда көрсетілген біліктілік талаптарына жасаған шағымдары қаралуға жатпайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында «Нұр Строй Com» ЖШС тарапынан жоғарыда көрсетілген мемлекеттік сатып алулар бойынша құжаттама ережелерін талқылау кезеңінде конкурстық құжаттама жобасына және онда белгіленген талаптарға ескертулер берілмегені анықталды.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардың негізінде конкурстық құжаттаманың ережелері мен онда белгіленген талаптары бөлігінде Сіздің өтінішіңізде баяндалған дәлелдер қарауға жатпайды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Сонымен қатар, Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

**Департамент басшысының**
**орынбасары** **Т.Тултебаев**

*АШопчекбаев*
*Тел: 8(7252) 35-00-35*

*О.Ажибеков*